



Су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 маусымдағы N 613 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 24 ақпандағы № 105 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2016 № 105 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 19-5/293 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2004

жылғы

2

маусымдағы

N

613

қаулысымен

бекітілген

Су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын (бұдан әрі - су шаруашылығы құрылыстары) кейіннен сатып алу құқығынсыз жалға және сенімгерлік басқаруға беру тәртібін реттейді.

2. Су шаруашылығы құрылыстары су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану мерзімдеріне қарай оларды амортизациялау нормаларын ескере отырып, су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі - уәкілетті орган) келісім бойынша бес жылдан қырық тоғыз жылға дейінгі мерзімге жалға немесе сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін.

3. Су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру ашық тендерлер өткізу жолымен жүзеге асырылады.

4. Оларды нысаналы мақсаты бойынша одан әрі пайдалану су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға берудің міндетті шарты болып табылады.

Су шаруашылығы құрылыстарын мақсаттан тыс пайдалану жалға берушінің немесе сенімгерлік басқару құрылтайшысының шешімі бойынша жалға немесе сенімгерлік басқаруға беру шартын бұзу үшін негіз болып табылады.

Су шаруашылығы құрылыстарын жалға және сенімгерлік басқаруға беру кезінде мынадай:

су пайдаланушылардың белгілі бір санаттарына суды субсидияланған тарифтер (субсидиялар мөлшеріне азайтылған) бойынша беру жөнінде; технологиялық циклдың сақталуын қамтамасыз ету жөнінде талаптар белгіленеді.

2. Су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру

5. Су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру өтеулі негізде жүзеге асырылады.

Су шаруашылығы құрылыстары бойынша жалға беру төлемінің есептік ставкаларын жалға беруші:

республикалық меншік объектілері бойынша уәкілетті органмен республикалық меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік органмен, табиғи монополияларды және бәсекелестікті қорғау саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен келісім бойынша;

коммуналдық меншік объектілері бойынша - облыстардың (Алматы және Астана қалаларының) коммуналдық меншік департаменттерімен (басқармаларымен) және табиғи монополияларды және бәсекелестікті қорғау

саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісім бойынша белгілейді және бекітеді.

6. Республикалық және коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарының шаруашылық жүргізуіндегі немесе жедел басқаруындағы су шаруашылығы құрылыстарын жалға беруші ретінде теңгерімде ұстаушы кәсіпорын әрекет етеді.

7. Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру туралы шешім уәкілетті органмен және республикалық меншікке билік етуге уәкілетті, табиғи монополияларды және бәсекелестікті қорғау саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен келісім бойынша өткізілген тендер нәтижесі негізінде қабылданады.

8. Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру туралы шешім облыстардың (Алматы және Астана қалаларының) әкімдерімен және табиғи монополияларды және бәсекелестікті қорғау саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органмен және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен келісім бойынша өткізілген тендер нәтижесі негізінде қабылданады.

9. Тендер комиссиясы тендер ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді.

10. Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру жөніндегі тендер комиссиясын жалға беруші оның құрамына уәкілетті органның, республикалық меншікке билік етуге уәкілетті, табиғи монополияларды және бәсекелестікті қорғау саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және басқа да мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың өкілдерін енгізіп, қалыптастырады.

Коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын жалға беру жөніндегі тендер комиссияның құрамын жалға беруші оның құрамына облыстар (Алматы және Астана қалаларының) әкімдігінің өкілдері табиғи монополияларды және бәсекелестікті қорғау саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган мен уәкілетті орган аумақтық бөлімшелерінің өкілдерін енгізіп, қалыптастырады.

11. Өтініш және тендер құжаттамасы құрамына енетін басқа да құжаттарды берген жеке және заңды тұлғаларға су шаруашылығы құрылыстарын жалға беруге арналған тендерге қатысуға рұқсат етіледі.

12. Су шаруашылығы құрылыстарын жалға беруге арналған тендер құжаттамасына қойылатын талаптар, тендерді дайындау, оны өткізу мен нәтижелерін ресімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне с ә й к е с б е л г і л е н е д і .

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

13. Ұсыныстары тендер құжаттамасында қамтылған талаптарға сай және тендердің шарттарын орындау жөнінде өзіне міндеттеме қабылдаған қатысушы тендер жеңімпазы болып танылады.

14. Тендер нәтижесі туралы хаттама негізінде жалға беруші тендер жеңімпазымен тендер шарттарын орындау жөніндегі міндеттемелерді шартқа енгізіп, жалға беру шартын жасасады.

Тендер жеңімпазы тендер шарттарымен жалға беру шартын жасасудан бас тартқан жағдайда тендер комиссиясы, тендер жеңімпазынан кейін тендер бастамашысы үшін кімнің тендерлік өтініші ең жақсы шарт талаптарын ұсынған жеңімпазды қалған тендерге қатысушылардың ішінен (егер қалғандары 2-ден кем болмаса) айқындайды не жаңа тендер өткізу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

3. Су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беру

15. Республикалық меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік орган республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы, ал коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқарудың құрылтайшысы болып облыстық (Алматы және Астана қалаларының) коммуналдық меншік департаменттері (басқармалары) әрекет етеді.

16. Республикалық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беру республикалық меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік органның шешімі бойынша өткізілген тендер нәтижесі негізінде уәкілетті органның және табиғи монополияларды және бәсекелестікті қорғау саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның келісімі бойынша, ал коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беру - облыстардың (Алматы және Астана қалаларының) әкімдерінің және табиғи монополияларды және бәсекелестікті қорғау саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның және уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

17. Ауыл шаруашылығы су пайдаланушыларына қызмет көрсетуге арналған су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беру жөніндегі тендерлерге тек қана бір су шаруашылығы құрылысы немесе құрылғысы суғаратын, суландыратын, құрғататын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі су пайдаланушылар, сондай-ақ осындай су пайдаланушылар бірлестіктері қатысушы бола алады.

18. Тендер өткізуге арналған тендер комиссияларын: республикалық меншік объектілері бойынша республикалық меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік орган;

коммуналдық меншік объектілері бойынша - облыстық (Алматы және Астана қалалары) коммуналдық меншік департаменттері (басқармалары) құрады.

19. Тендерлік комиссияның құрамына республикалық меншік объектілері бойынша - республикалық меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік органның немесе облыстық (Алматы және Астана) коммуналдық меншік департаменттерінің (басқармаларының), уәкілетті органның, табиғи монополияларды және бәсекелестікті қорғау саласындағы қызметті бақылау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның, теңгерім ұстаушы кәсіпорынның, сондай-ақ басқа да мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері енгізіледі.

20. Республикалық меншікке билік етуге уәкілетті мемлекеттік органның немесе облыстық (Алматы және Астана) коммуналдық меншік департаментінің (басқармасының) өкілі тендер комиссиясының төрағасы болып табылады.

21. Тендер комиссиясы:

- 1) өз жұмысының регламентін әзірлейді және бекітеді;
- 2) тендер өткізу күні туралы шешім қабылдайды;
- 3) тендер шарттары мен жеңімпазды таңдауға арналған өлшемдерді белгілейді;
- 4) кепілдік жарна мөлшерін белгілейді;
- 5) тендер өткізу туралы хабарлама жариялауды жүзеге асырады;
- 6) тендер өткізеді;
- 7) тендер жеңімпазын айқындайды;

22. Егер оған комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 қатысса, тендер комиссиясының отырыстары құқылы болып табылады.

Тендер комиссиясының шешімдері қатысушы комиссия мүшелерінің жай дауыс көпшілігімен қабылданады, ал дауыс тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

23. Су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беруге тендер өткізу туралы ақпараттық хабарлама мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мерзімді баспасөз басылымында жарияланған тендер өткізу күніне дейін 15 күннен кешіктірілмей жариялануы тиіс, онда мынадай мәліметтер қамтылуы тиіс:

- 1) тендер шарттары мен жеңімпазды таңдау өлшемдері;
- 2) тендер объектісінің қысқаша сипаттамасы;
- 3) тендер өткізілетін күні, уақыты мен орны;
- 4) тендерге қатысуға өтінімдер қабылдау мерзімі;

- 5) тендерге қатысуды ресімдеу тәртібі;
- 6) кепілді жарна мөлшері мен оны енгізу үшін банк деректемелері (кепілді жарна мөлшері ақпараттық хабарлама жарияланғаннан кейін өзгертіле алмайды).

24. Тендер құжаттамасы тендер комиссиясы белгілейтін тәртіппен қатысушының сұратуы бойынша жиынтықпен беріледі.

25. Тендер құжаттамасында мынадай негізгі бөлімдер қамтылуы тиіс:

- 1) тендер объектісі туралы мәліметтер;
- 2) өтінім және онымен бірге берілетін құжаттар мазмұнына қойылатын т а л а п т а р ;
- 3) тендер өткізу шарттары мен тәртібі;
- 4) тендерге қатысуға арналған өтінім нысаны.

26. Тендерге қатысушыларды тіркеу тендер өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап жүргізіледі және тендер өткізуге бір күн қалғанда аяқталады.

27. Тендер өткізу туралы хабарлама жарияланғаннан кейін тендер комиссиясы барлық ниет білдіргендерге тендер өткізу объектілері мен шарттары туралы ақпаратқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

4. Су шаруашылық құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беруге арналған тендер өткізу

28. Су шаруашылығы құрылыстарын сенімгерлік басқаруға беруге арналған тендерге қатысуға ниет білдірген су пайдаланушылар мен су пайдаланушылар бірлестіктері белгіленген мерзімде мыналарды:

1) үміткердің тендерге қатысуға келісімі мен тендер шарттарын орындау әрі тиісті шарт жасасу жөніндегі оның міндеттемелері қамтылған тендерге қатысуға ө т і н і м і н ;

2) қаржылық және техникалық мүмкіндіктерін, оның біліктілігін растайтын қ ұ ж а т т а р д ы ;

3) су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану мен су пайдаланушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастыру жөніндегі бизнес-жоспарын;

4) заңды тұлғалар үшін - құрылтайшылық құжаттардың (құрылтай шарты және жарғысы) көшірмелері және салық төлеуші куәлігінің (салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларын ұсынбаған жағдайда нотариалды куәландырылған) к ө ш і р м е с і ;

жеке тұлғалар үшін - кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру құқығын растайтын құжаттың көшірмесі, сондай-ақ жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттардың, салық төлеуші куәлігінің көшірмелері;

5) салық берешегі жоқ екені туралы салық органының анықтамасын;

б) кепілдік жарна енгізілгендігін растайтын төлем құжатының көшірмесін
ұ с ы н а д ы .

Ескерту. 28-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

29. Тендерге қатысуға ниет білдірген тұлғалар өтінімдерін қабылдау мен тіркеу талап етілетін құжаттардың толық жиынтығы болған кезде жүргізіледі.

30. Тендерге қатысушы ретінде тіркеуден бас тартуға мыналар:

- 1) талап етілетін құжаттардың толық жиынтығы ұсынылмаса;
- 2) мемлекеттік бюджет алдында салық берешегі болса;
- 3) тендер шарттарында белгіленген талаптарды бұзып ұсынылған құжаттар болуы негіз болып табылады.

31. Тендерге қатысушы:

1) тендерге өзі немесе тиісті түрде ресімделген сенімхат негізінде өз өкілдері
ар қ ы л ы қ а т ы с а д ы ;

2) тендерге қойылатын су шаруашылығы құрылыстары бойынша қосымша мәліметтерді, нақтылауларды тегін алады;

3) су шаруашылығы құрылыстарын алдын ала қарайды;

4) оның құқықтары бұзылған жағдайда сотқа жүгінеді;

5) бұл туралы тендер комиссиясына ол өткізілерден үш жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлап, тендерге қатысуға өз өтінімін қайтарып алады.

Ескерту. 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

32. Егер өтінім қабылдау мерзімі аяқталар сәтте (үшінші және одан кейінгі тендерлерді қоспағанда) бір өтінімнен артық тіркелмесе, тендер өтпеді деп танылады.

33. Тендер өткізілетін күні оның отырысында комиссия мүшелері тендерге қатысушылар ұсыныстары бар конверттерді ашады және олардың ұсыныстарын жария етеді. Конверттерді ашу алдында комиссия мүшелері олардың тұтастығын тексереді, бұл комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.

Конверттерді ашу және ұсыныстарды жария ету кезінде тендерге қатысушылар немесе олардың өкілетті өкілдері қатысады.

34. Конверттер ашылған және ұсыныстар жария етілгеннен кейін тендер комиссиясы ұсыныстарды талқылау мен оларды бағалау үшін кеңесуге кетеді.

Тендерге қатысушылар (олардың өкілдері) ұсыныстарды талқылау мен оларды бағалауға қатыспайды.

Конкурстық өтінімдер бар конверттер ашылған күннен бастап он күнтізбелік күннен асырылмайтын мерзімде конкурс қорытындысы шығарылады.

35. Жеңімпазды таңдау өлшемдеріне сай әрі ұсыныстары комиссия шешімі бойынша тендер құжаттамасында қамтылған барлық талаптарға жауап беретін

және тендер шарттарын орындау бөлігінде ең тәуірі болып табылған қатысушы тендер жеңімпазы болып танылады.

36. Жеңімпазда қажетті біліктілік деректерінің, су шаруашылығы құрылыстарын ұстау мен пайдалану үшін техникалық және қаржылық мүмкіндіктері болуы су шаруашылығы құрылысын сенімгерлік басқаруға беруге арналған тендер жеңімпазын таңдау өлшемдері болып табылады.

36-1. Тендерлік комиссия осы Ереженің 28-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін тендерлік өтінімді қабылдамаудың толық себептері көрсетілетін конверттерді ашу хаттамасын толтырады. Бұл жағдайда тендерге қатысушыға екі жұмыс күні ішінде тендерлік өтінімді қабылдамау туралы, себептерін негіздей отырып, жазбаша хабарлама жібереді. Хаттамаға тендерлік комиссияның барлық мүшелері қол қойғаннан кейін хаттама уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады және үш жұмыс күні ішінде барлық тендерге қатысушыларға жіберіледі.

Ескерту. Ереже 36-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

5. Тендер нәтижелерін ресімдеу

37. Тендер жеңімпазын айқындайтын тендер комиссиясының қорытындысы немесе тендер қорытындысы бойынша өзге де шешім барлық қатысқан комиссия мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Тендер жеңімпазын айқындайтын хаттамаға, сондай-ақ тендерде жеңген тұлға қол қояды.

38. Хаттамада мынадай деректер қамтылуы тиіс:

- 1) комиссияның құрамы;
- 2) тендер шарттары;
- 3) оларға сәйкес жеңімпаз айқындалған өлшемдер;
- 4) тендерге қатысушылар туралы мәліметтер мен олардың ұсыныстары;
- 5) тендер жеңімпазы;

6) сенімгерлік басқару шартына қол қою жөніндегі тараптардың міндеттемелері.

39. Тендер нәтижелері туралы хаттаманың көшірмесі жеңімпазға тендер қорытындылары туралы хаттамаға қол қойылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде беріледі және оның сенімгерлік басқару шартын жасасуға құқығын куәландыратын құжат болып табылады.

Ескерту. 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.06.17 № 604 Қаулысымен.

40. Тендер нәтижелері туралы хаттама негізінде жеңімпазбен тендерге қатысу кезінде мәлімделген ұсыныстарға жауап беретін талаптармен сенімгерлік басқару шарты (бұдан әрі - шарт) жасалады.

41. Жеңімпаз тендерге қатысу кезінде мәлімделген ұсыныстарға жауап беретін талаптармен шарт жасасудан бас тартқан жағдайда тендер комиссиясы қалған тендер қатысушылары ішінен (егер қалғандар екеуден кем болмаса) жеңімпазды айқындайды не жаңа тендер өткізу туралы шешім қабылдайды.

42. Мынадай жағдайларда:

1) егер тендерге қатысушы өз ұсынысынан бас тартса немесе оны тендер мерзімі өткенге дейін өзгертсе;

2) тендерге қатысу кезінде мәлімделген ұсыныстарға жауап беретін талаптармен тиісті шарт жасасудан бас тартқан жағдайда тендер жеңімпазына кепілдік жарна қайтарылмайды.

Барлық басқа жағдайларда кепілдік жарна тендер аяқталғаннан кейінгі 10 банк күнінен кешіктірілмей қайтарылады, ал ақша шотқа тендер өткеннен кейін түссе, онда ол түскен күннен бастап 10 банк күні ішінде қайтарылады.

43. Тендер жеңімпазымен шарт тендер хаттамасына қол қойылған күннен бастап 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей жасалады.